Лебіз

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы:

Президент Жолдауы әрбір қазақстандыққа арналып отыр

Мемлекет басшысының бұл Жолдауы ерекше, өйткені біздің отандық ортақ тарихымыздағы мүлде жаңа ұғым – Мәңгілік ел құруды көздейтін ұзақмерзімді стратегияны жүзеге асыру жөнінде нақты бағдарлама ұсынылып отыр. Жолдауда біздің халқымыздың қазіргі замандағы әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруді көздейтін дамыған мемлекет құру ұлттық идеясы мазмұндалған. Бұл тарихи міндет Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтай Көшбасшысы бар қазақстандықтардың қолынан толық келеді.

Мәңгілік ел идеясы біздің халқымыздың ғасырлар бойғы арманы ғана емес, ол – көреген Президентіміздің жетекшілігімен Қазақстанның дамуына негізделген идея. Қазақстан құқықтық тұрғыда рәсімделген және әлемдік қоғамдастық мойындаған мемлекеттік шекараға ие болды, ол тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму жолына шықты, халықаралық аренада орнықты орынға көтерілді. Президент айтқандай, бұл тарихи міндет «Стратегия – 2050» негізінде жүзеге асатын болады. Демек, қазақстандықтар алыс уақыттарға көз тікпей, экономика мен қоғамдық өмірдің барлық салаларында қарқынды еңбектің нәтижесінде нақты табыстарға қол жеткізетін болады.

Менің ойымша, Президенттің ғылымға негізделген экономика қалыптастыру туралы тапсырмасы ғылым мен инновациялық технологияларға баса назар аудару қажеттігін білдіреді.

Президент тек заң шығару және атқарушы билікке ғана емес, бүкіл халыққа үндеуін жария етті. Нұрсұлтан Әбішұлы еліміздің келешегі өз Отанымызды әлемдегі ең табысты мемлекеттердің біріне айналдыруға бел буған жандардың қолында екенін атап өтті, бұл ретте жастарға ерекше назар аударды. Өткен жылдардың бәрінде, дүркін-дүркін өткен дағдарыстарға қарамастан Президент бүкіл еліміздің сапалық тұрғыда серпін беруге даярлады. Бұл Жолдау, Ли Куан Юдің сөзімен айтқанда, Қазақстанның үшінші әлемдік деңгейден бірінші деңгейге өту дәуіріне аяқ басқанын дәлелдейді.

Күн тәртібінде еңбек өнімділігі мен энергияның тиімділігін арттыру, агроөнеркәсіп кешенін, көлік және логистиканы дамыту, ел экономикасындағы шағын және орта бизнестің үлесін ұлғайту, әлеуметтік өзекті мәселелерді шешу, оның ішінде мүгедектерге нақты көмек көрсету, экологияны қорғау, инновациялық технологияларды енгізу мәселелері тұр. Осының бәрі – заң үстемдігі, теңдік және әділеттілік салтанат құрған, дамыған демократиялық қоғамда өмір сүруді қалайтын, белсенді көзқарастағы әр азаматтың тікелей атсалысуын талап етеді.

Қазақстанның зор артықшылығы – қуатты көшбасшылығында. Дэн Сяопин, Миттеран, Тэтчер, Кольдің саяси аренадан кеткеннен кейін қазіргі заманда келешектің өзекті мәселелерін стратегиялық тұрғыда көре алатын беделді көшбасшыларға зәрулік байқалып отыр. Президент Н.Назарбаев саяси технология енбестен бұрын үлкен саясатқа келген болатын және ел іші мен шетелдерде нағыз көшбасшы ретінде мойындалды. Ол жаһандық ядролық қаруға қарсы қозғалыска жетекшілік етті, ең бастысы – біздің мемлекетіміздің басшысы көрнекті реформа жасаушы, стратег және жасампаз ретінде тарихқа кірді. Ол Қазақстанды тұрақты даму жолына шығарды және өркендеудің түпнұсқа даңғылына түсірді. Бүгін Мәңгілік ел болудың жарқын болашағына жол сілтеді. Мемлекет басшысының осы Жолдауының ел өмірі үшін ерекше маңызды екендігі де сондықтан.

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы:

Елбасы Жолдауы – Мәңгілік ел ұлттық идеясының берік негізі

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың биылғы Жолдауы – егемен еліміздің тұрақты дамуын қамтитын, мемлекетіміздің барлық саласына серпін беретін, халқымыздың игілігін көздейтін шынайы іс-жоспарға құрылған шын мәніндегі тарихи құжат.

Осы стратегиялық құжатта Президентіміз мемлекеттік қызметтің барлық саласын қамти отырып, тәуелсіз Қазақстанымызды дамытудың, әрбір қазақстандықтың, әрбір отбасының, жастардың және келешек ұрпақтың мүддесін қорғаудың нақты жолдарын ұсынды. Бұл жолдағы негізгі бағдарымыз – «Қазақстан – 2050» стратегиясын орындаудың жеті бесжылдық кезеңді қамтитын маңызды міндеттерін атап көрсетті. Әр кезең сайын экономиканың жаңа белестерін бағындыру әрбір бесжылдықтың нақты нәтижесі болып табылады. Әсіресе, индустриялық-инновациялық даму, шағын және орта бизнесті дамыту, агроөнеркәсіптік кешен, білім-ғылым салалары осы Жолдаудың ен салмакты тұстары екені сөзсіз.

Елбасының Жолдауында әдеттегідей әлеуметтік салаға айрықша көңіл бөлінді. Соның ішінде, студенттердің стипендиясы, денсаулық, білім, әлеуметтік қорғау және «Б» корпусындағы мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы, мүгедектікке және асыраушысынан айырылғандарға төленетін жәрдемақылардың өсетіндігі атап айтылды. Ал ең бастысы, еліміздің рухын көтеретін, ұлы максаттарға жеткізетін Мәңгілік ел ұлттық идеясы жарияланды.

Сондықтан бұл Жолдау – жоспарлау саясаты, ұзақмерзімді даму мен экономикалық өсуді максат еткен мықты мемлекетіміздің тағы бір стратегиялық жоспары.

Бұл жоспар біздің дамыған 30 елдің қатарына кіру максатымызға жаңа серпін беретіні сөзсіз.

Жолдауда айтылғандай, бір максат, бір мүдде, бір болашақ жолында Елбасының айналасына бірігу Мәңгілік ел мұратымызға жетудің берік негізі болып табылады.

(Басы 1-бетте)

ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР!

Қазақстанды әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасында алдағы жұмыстың ұзақмерзімді басымдықтары белгіленген. Біз мына басым бағыттар бойынша бірқатар мәселелерді шешуіміз керек.

Біріншi. Инновациялық индустрияландыру трендін тереңдете және күшейте түсу маңызды. Мен Үкіметке 2016-2019 жылдарға арналған Өңдеуші индустрияландырудың Екінші бесжылдығы жобасы жөнінде бірқатар тапсырмалар бердім. Индустрияландыру басымдықтары санын шектеу керек.

Бізге дәстүрлі өндіруші секторлар тиімділігін арттыру маңызды. Бұлар – біздің бәсекелегі табиғи артықшылықтарымыз. Бізге мұнай-газ секторының экспорттық әлеуетін сақтай отырып, басқару, өндіру және көмірсутектерді өңдеудің жаңа тәжірибелері керек. Мұнай мен газ өндірудің ықтимал сценарийлері бойынша тұбегейлі шешімге келу керек. Сирек металдардың ғылыми қамтымды салалар – электроника, лазерлік техника, коммуникациялық және медициналық жабдықтар салалары үшін маңыздылығын ескере отырып, оларды игеру ауқымын ұлғайту қажет.

Қазақстан геологиялық барлау саласы бойынша әлемдік нарыққа шығуға тиіс. Тиісті заңнаманы жетілдіре отырып, бұл салаға шетелдік инжиниринг тік компаниялардан инвестиция тартқан жөн. Жалпы, дәстүрлі салаларға қатысты біз оларды дамыту жөніндегі бөлек жоспарларымыз болуы керек. Әрбір келесі бесжылдықтың нақты нәтижесі экономиканың жаңа салаларын қалыптастыру болуға тиіс. Бірінші бесжылдық аясында автомобиль және авиақұрастыру, тепловоз, жолаушылар және жүк вагондары өндірісі жолға қойылды. Оларды кеңейтіп, сыртқы нарықтарға шығару керек.

Сонымен, 2050-ге дейінгі қалған жылдар жеті бесжылдыққа бөлінеді, олардың әрқайсысы бір максат – дамыған 30 елдің қатарына кіру мәселесін шешеді.

Екінші және одан кейінгі бесжылдықтарда мобильді, мультимедиялық, нано және ғарыштық технологиялар, робот техникасы, гендік инженерия салаларын, болашақтың энергиясын іздеу мен ашудың негізін салған жөн. Мемлекет жұмысының негізгі бөлігі Қазақстан бизнесін, әсіресе, шағын және орта бизнесті дамытуға барынша қолайлы жағдай жасау болмақ. Таяудағы 10-15 жылда ғылыми қамтымды экономикалық базис жасау керек, онсыз біз әлемнің дамыған елдері қатарына қосыла алмаймыз. Мұны дамыған ғылым арқылы шешуге болады.

Екінші. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін инновациялық бағытқа түсіру маңызды. Бұл – біздің дәстүрлі саламіз. Азық-түлікке деген қажеттілік арта береді. Бұл секторға инвестиция көбірек салынады. Сондықтан бүгінгі фермерлер тек уақытша әрі ауа райына байланысты кездейсоқ жетістіктерді малданып қалмай, өндіретін өсімі жөнінде ойлануға тиіс. Жаһандық ауыл шаруашылығы өндірісінде бәсекеге беретін болады. Жермен жұмыс істейтіндер, ен алдымен, жаңа технологияларды енгіп, өнімділікті үздіксіз арттыратындар, жұмысын әлемдік стандарттар негізінде жүргізетіндер болуы керек.

Бірінші кезекте, әсіресе, баға қалыптастырудың ашық механизмдері арқылы тиімді жер нарығын құру маңызды. Ауылшаруашылық жерлерін инвестиция тарту жөнінде озық технологиялар енгізуді ескеріп жалға бергенде ғана бәсеке күшейеді. Ауыл шаруашылығында бизнестің дамуына фермерлер кооперациясы үдерісіне, жерді тиімді пайдалануға бөгет жасайтын барлық кедергіні жойған жөн.

Болашақ – аграрлық секторда, әсіресе, шағын және орта бизнес түріндегі жаңа өндеу кәсіпорындары желісін құруда. Бұл тұста біз бизнесті несие арқылы қолдауға тиіспіз. Фермерлер ұзақмерзімді қаржыландыру мен өткізу нарықтарына деддалсыз, тікелей шыға алатын болуға тиіс. Ауыл өндірушілерінің қарыздарын кепілдендіру және сақтандырудың тиімді жүйесін құру да өзекті мәселе.

Қазақстан ет және сүт өнімдерін экспорттайтын өңірлік ірі елге айналуға тиіс. Егін шаруашылығында суды көп қажет ететін тиімділігі төмен дақылдар көлемін қысқарту, оларды көкөніспен, майлы және азықтық өнімдермен алмастыру жолына бет бұру керек. Агрохимикаттарды тиімді тұтынудың, қуаң жерлерде топырақты нөлдік өңдеудің заманауи технологиялары мен өзге де инновацияларды қолдануды кенейтудің кешенді шаралары қажет.

«Жасыл» экономикаға көшу жөніндегі қабылданған тұжырымдамаға сәйкес, 2030 жылға қарай егіс алқаптарының 15 пайызы суды үнемдеу технологияларына көшірілетін болады. Біз аграрлық ғылымды дамытып, сынақтық аграрлық-инновациялық кластерлер құруымыз қажет. Уақыт көшінен қалмай, табиғи азық-түлік өндірумен қатар құрғақшылыққа төзімді гендік-модификацияланған өнімдер өндірісін де жүргізу маңызды. Айтылған міндеттерді ескере келіп, Үкіметке агроөнеркәсіп кешенін дамыту жоспарына түзету енгізуді тапсырамын.

Үшінші. Ғылыми қамтымды экономика құру – ен алдымен Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру. Бұл бағыт бойынша венчурлік қаржыландыру, зияткерлік меншікті қорғау, зерттеулер мен инновацияларды қолдау, сондай-ақ ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру жөніндегі заңнаманы жетілдірген жөн. Үкіметке биылғы жылдың 1 қыркүйегіне дейін тиісті заң жобалары топтамасын әзірлеп, Парламенттің қарауына енгізуді тапсырамын. Ғылымды қаржыландыру көлемін біртіндеп арттырып, оны дамыған елдердің көрсеткіштеріне жеткізу жөнінде нақты жоспар қажет.

Шетелдерден инвестиция тартуды толықтай елімізге білім мен жаңа технологиялар трансферттеу үшін пайдалану керек. Шетелдік компаниялармен бірлесіп, жобалық және инжиниринг тік орталықтар құру қажет. Бізге ірі мұнай-газ және тау-кен металлургиялық нысандарында жұмыс істейтін жетекші трансұлттық компанияларды олар осында өз қажеттілігі мен сервисін қамтамасыз ету үшін өндірістер құруға шақырғанымыз жөн. Мен кейбір ірі компаниялардың бұған дайын екендігін білемін. Үкімет осы мәселені қайта пысықтап, қажет болған жағдайда бұл үшін барлық жағдайды жасағаны жөн. Жабдықтарды өз елімізде өндіруімізге де болатын кезде шетелден тасымалдаудың қажеті жоқ.

Ұлттық инновациялық жүйенің, оның негізгі институттарының тиімділігін арттыру маңызды. Олардың белсенділігін стартаптарды және венчурлік мәмілелердің бастапқы кезеңдеріне қолдау көрсетуге бағыттаған жөн. Ірі қалалық агломерациялардағы, әсіресе, Астана мен Алматыдағы технологиялық парктердің жұмысын жандандыру керек. Алғашқы зияткерлік-инновациялық кластер қазір Астанадағы Назарбаев университетінің аркауында табысты жұмыс істеуде. Ал Алматыда мұндай кластер – «Алатау» ақпараттық технологиялар паркі. Технопарктерде қазақстандық ірі компаниялардың қосалқы өндірістерін орналастыру үдерісін ынталандыру шараларын ойластыру маңызды.

Төртінші. Инфрақұрылымдық ұштаған – агломерацияның, көліктің, энергетиканың қарқынды дамуын қамтамасыз ету керек. Агломерациялар – Қазақстанның ғылыми қамтымды экономикасының ұстыны. Елдің орасан зор аумағын, халықтың орналасу тығыздығының төмен екенін ескерсек, агломерациялар қалыптастыру мен дамыту – маңызды мәселе. Қазақстанның алғашқы заманауи урбанистік орталықтары ірі қалалар – Астана мен Алматы, одан соң – Шымкент пен Ақтөбе болады. Олар халықтың және инвестициялардың шоғырлану орталықтарына айналады, сапалы білім беру, медицина, әлеуметтік-мәдени қызметтер көрсетеді.

Көлік инфрақұрылымы – индустриялық экономика мен қоғамымыздың тамырына қан жүгіртетін жүйе. Сапалы заманауи магистральдарсыз дамыған ел болмайды деп мен талай рет айттым. Бұған қоса, Қазақстанның қатынас жолдары онын Еуропа мен Азия, Солтүстік пен Оңтүстік арасында орналасуы тұрғысынан маңызды мәнге ие. Елде жолдар желісін жасау үшін біз «Астана – Қарағанды – Алматы», «Астана – Павлодар – Өскемен», «Алматы – Қапшағай – Өскемен» автожолдарын салуды бастадық. Осы бағыттар бойынша пойыздар қазірдің өзінде екі есе жылдам жүріп жатыр.

Логистикалық қызмет көрсету секторын дамыту қажет.

Ен алдымен біздің жүктерімізді тасымалдау үшін Кеден одағы аумағын барынша пайдалану туралы сөз болып отыр. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізінің құрылысы да аяқталуға таяу, Парсы шығанағына шығу үшін Түрікменстан мен Иранға теміржол тартылды. Келешекте Қазақстан теңізге шығатын жолдары бар елдерде логистика орталықтарын құруға инвестиция салуға тиіс. Жүктерді кедендік өңдеу мерзімдерін қысқартып, шекара өткелдерінін өткізу мүмкіндігін арттырып, Ақтау портынын қуаттылығын күшейтіп, экспорт-импорт операцияларынын ресімдерін жеңілдету керек.

Біз ұзындығы 1200 шақырым болатын Жезказған – Шалқар – Бейнеу жаңа теміржолын салып жатырмыз. Ол орталықтын көптеген аудандарына жан бітіріп, елдін шығысы мен батысын тікелей байланыстырады. Бұл орасан құрылыс 2015 жылы аяқталады. Бұл магистраль Каспий мен Кавказ аркылы Еуропаға шығуға мүмкіндік береді. Ал шығыста Тынық мұхиттағы Ляньюньған порты аркылы шығамыз,бұл жөнінде ҚХР-мен келісім бар.

Біз энергетиканын дәстүрлі түрлерін дамытатын боламыз. Жылу-электр стансаларынан шығатын калдықтарды тазарту жөніндегі ізденістер мен жаңалықтарға өндіріс пен тұрмыста жаңа технологиялар аркылы жаппай электр қуатын барлық жерде үнемдеуге колдау көрсету кажет. Таяуда Еуроодактын ірі компанияларынын алғашкы ондығы Еуроодактын әйгілі жасыл экономика тұжырымдамасы негізінде қабылданған энергетикалық стратегиясына карсылығын жариялады. Еуроодак оны жүзеге асырған төрт жылда 51 гигаватт энергия қуатын жоғалтты. Жасыл экономика бағдарламасымен жұмыс жүргізе отырып, біз осы кателікті ескеруіміз керек.

Астанадағы Дүниежүзілік ЭКСПО – 2017 көрмесіне дайындықты болашақтын энергиясын іздеу және жасау жөніндегі озық әлемдік тәжірибені зерделеу мен енгізу орталығын құру үшін пайдалану керек. Мамандар тобы Назарбаев университетінін колдауымен осы жұмысқа кірісуге тиіс. Біз қоғамдық көлікті отынның экологиялық таза түрлеріне көшіруге, электромобильдерді енгізуге және олар үшін тиісті инфрақұрылым калыптастыруға жағдай жасауымыз керек. Еліміз бензинді, дизель отынын, авиация керосинін молынан өндіруді кажет етіп отыр. Жаңа мұнай өңдеу зауыттарын салу кажет.

Сонымен катар ядролық энергетиканы дамытудын келешегін ұмытпау керек. Әлемнін таяудағы даму келешегінде арзан атом энергиясына деген кажеттілік өсе түсетін болады. Қазақстан – уран өндіруде әлемдік көшбасшы. Біз АЭС отыны үшін тұл өндірісімізді дамытып, атом стансасын салуға тиіспіз.

Бесінші. Шағын және орта бизнесті дамыту – XXI ғасырдағы Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудын басты құралы. Мұндағы менің ұстанымым айкын екенін білесіздер, оны талай айтканмын. Экономикамызда шағын және орта бизнестін үлесі артқан сайын Қазақстанын дамуы да орнықты бола түседі. Біздің шағын және орта бизнестін 800 мыннан астам субъектісі бар, онда 2,4 миллионнан астам казақстандық еңбек етеді. Бұл сектордағы өнім көлемі төрт жылда 1,6 есе өсті және 8,3 млрд. теңгені құрап отыр.

Жаһандық рейтингке сәйкес, Қазақстан бизнесті жүргізуге ен колайлы жағдайы бар елдер тобына кіреді және біз... өрістете түсуге тиіспіз. Шағын бизнес – біздегі Жалпыға ортақ қоғамынын берік экономикасы. Оны дамыту үшін жекеменшік заңнамалық тұрғыда нығайтуға шешімдер кажет. Бизнесті ... келтіретін барлық енжар ... лардын күшін жою керек. Шағ... ұрпақтан-ұрпакка берілетін отбасы не айналуға тиіс.

Шағын бизнесті маман... шекте оларды орта деңгейге ... пективасымен дамыту шар... маңызды болмак. Осы сектор... банкроттығынын айкын те... жөн. Шағын және орта бизнес... вациялық кәсіпорындар төңі... тиіс. Мен Үкіметке индустри... екінші бесжылдығы жоспары... 2020» жол картасымен ұйлес... дым. Үкімет Ұлттық кәсіпкерлер... мен бірлесіп, жұмысын жаңа... бизнесмендерге әдістемелік ... тетіктерін жасауы керек.

Алтыншы. Біздін болашакта... лымыз казакстандыктардын ... тын жаңа мүмкіндіктер жасауға ... XXI ғасырдағы дамыған ел деге... сенді, білімді және денсаулығы ... маттар. Бұл үшін біз не істеуіміз...

Біріншіден, барлық дамыған... сапалы бірегей білім беру жүйесі... тык білім берудін барлық буын... сын жаксартуда бізді аукымды ... тур. 2020 жылға карай Казакстан... жас аралығындағы балаларды ... дейінгі біліммен 100 пайыз кам... лануда. Сондыктан оларға заман... ламалар мен окыту ... мамандар ұсыну маңызды. Орта ... сінде жалпы білім беретін мек... зарбаев зияткерлік мектептері... денгейіне жеткізу керек. Мек... казак, орыс және ағылшын ... тиіс. Оларды окыту нәтижесі ... сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс ... ты терен талдау машығын игеру...

Таяудағы 3 жыл ішінде ... дейін орын жетіспеушілігін ... жерлерде елдегі барлық мек... сыммен окытуға көшіру ... әкімдер осы міндетті орындау ... каражатынын бөлінуін карастыр... Таяудағы 2-3 жылда дуалдық ... және кәсіптік білім берудің ... негізін калыптастыру керек. ... жастардың техникалық білім ... лекеттік кепілдендіруге ... кажет. Үкіметке 2014 жылы ... дейін осы мәселе бойынша нақты ... енгізуді тапсырамын.

Жетекші университеттер... және басқарушылық автономия... көшіруге жоспарлы түрде ... Үлгерімі жақсы студенттер ... ларды колдаудын тиімді ... кажет деп санаймын. Үкімет ... 1 кантардан бастап стипендия... нін 25 пайызға өсірілуін ... тапсырамын.

Екіншіден, денсаулық ... дағы басты басымдық – ... циналық-санитарлық ... Міндетті медициналық ... мәселесін зерттеген ... жұмыс берушілердің ... денсаулық үшін ... медициналық қызметтің ... басты қағидаты. Спортпен ... дұрыс тамактана білу, ... тикалық тексеріліп ... негізі.

Үшіншіден, жалпыхалы... ниетті дамытуға ...

ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан – 2050
МӘҢГІЛІК ЕЛ

Бір мақсат, бір мүдде